

# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

## Қайырымды самариялық



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



«Ұстаз! Мәңгілік өмірге не  
болуым үшін мен не істеуім  
керек?» Бұл сұрақты қойған  
адам Исаны алдауға  
тырысқан ғұлама еді.

«Құдайдың Заңы  
не айтады?» Иса  
осылай жауап берді.

2

«Құдайды сүй және жақыныңды сүй, – деді бұл адам. – Бірақ менің жақыным кім?» – деп сұрады ол.



3

Бұл адамның сұрағына жауап беру үшін Иса Иерусалимнен Иерихонға қарай жол тартқан адам жайындағы әңгімені айтып берді. Сол адамға қарақшылар тап берді.



4

Қарақшылар қолға түскен нәрселерінің бәрін, тіпті сорлы жолаушының киімдерін де тонап алды. Олар, сондай-ақ, оны ауыр жаралап, жол бойына шала-жансар етіп тастап кетті.



5

Міне, оның жанынан кездейсоқ діни қызметкер өтіп бара жатты. Әрине, ол жаралы адамға қол ұшын береді. Жоқ! Ол



6

Біраздан соң аяқ дыбысы басқа адамның келе жатқанын хабарлады. Ол леуілік болатын, ғибадатханада діни қызметкерлерге көмектесетін адам. Ол жақындап келіп жаралы адамға қарады да,



сосын еш көмек берместен кетіп қалды.


7

Ақырында самариялық пайда болды. Еврей халқы самариялықтарды жек көретін.



8

Исаның әңгімесін тындап отырған адамдар самариялықтың қаһарман болатынын күтпеген. Бірақ ол солай болды. Самариялыққа бәрібір



емес еді, ол көмектесуге тоқтады.


9

Самариялық тізесін бүгіп, бейтаныстың жараларына дәрі жағып танды. Содан кейін ол жаралыға өзінің есегіне отыруға көмектесті.



10

Жол бойындағы қонақ үйде самариялық бұл адамға түні бойы қамқорлық жасады.





11

Таң атқан кезде, ол жаралы адам жазылып кеткенше оған күтім жасасын деп қонақ үйдің қожайынына ақысын берді.



12

Әңгіме аяқталды. Иса сұрады: «Қиянат көрген адамның көршісі кім болды?»



13

Ғұлама былайша жауап берді: «Оның көршісі оған қайырымдылық жасаған самариялық болды».



14

«Бар, сен де солай ет», – деді Иса. Көрші – кез-келген мұқтаж адам. Біз мұқтаж адамдарға көмектесе

отырып, сүйіспеншілік көрсете аламыз. Бұл – Құдайға ұнамды.



15

Қайырымды самариялық

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Луқа 10

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

16

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18

СОҢЫ

46

60

17